

«Credit365 Kazakhstan» МҚҰ (Кредит 365 Қазақстан) ЖШС қызметтерін пайдаланушылар үшін «Қысқы бонус - пайыздарды шегереміз» деп аталатын жарнамалық науқанның **РЕСМИ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

1. Жалпы ережелер:

1.1 «Қысқы бонус - пайыздарды шегереміз» науқанын ұйымдастырушы (бұдан әрі - Науқан) – «Credit365 Kazakhstan» МҚҰ ЖШС (Кредит 365 Қазақстан)», БСН 200940032913 (бұдан әрі-Ұйымдастырушы), Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Қайсар Тауэр бизнес орталығы, Бөгенбай батыр көшесі, 142, 7 қабат мекенжайында орналасқан.

«05.04.2021 жылғы № 02.21.0065.М. лицензия» Қазақстан Республикасы Қаржы нарықтарын реттеу және дамыту агенттігінің Алматы қаласындағы өңірлік өкілдер басқармасымен» берілген.

1.2 Науқан жеңімпазы осы Қағидаларда баяндалған өлшемшарттарға сәйкес айқындалатын болады.

1.3 Науқан құмар ойын болып табылмайды және оны кез-келген құмар ойын түрінде қолдануға болмайды.

2. Науқанды өткізу кезеңі:

2.1 Науқан 2023 жылдың 17 қаңтарының Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша 00 сағат 01 минутынан бастап 2023 жылдың 28 ақпанының Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша 23 сағат 59 минутына дейін жүзеге асырылады;

Ұтыс аптасына 1 рет өтеді		
Басталуы	Аяқталуы	Ұтыс ойыны
17.01.2023	19.01.2023	20.01.2023
23.01.2023	26.01.2023	27.01.2023
30.01.2023	02.02.2023	03.02.2023
06.02.2023	09.02.2023	10.02.2023
13.02.2023	16.02.2023	17.02.2023
20.02.2023	27.02.2023	28.02.2023

2.2 "Credit365 Kazakhstan "МҚҰ ЖШС (Кредит 365 Қазақстан)" науқан өткізу кезеңін өз шешімі бойынша кез келген кезеңде, оның ішінде осы Қағидалардың 6.10-тармағында көзделген тәртіппен науқан жарияланған күні көзделмеген және көзделуі мүмкін емес мән-жайлар туындаған жағдайда өзгерте немесе ұзарта алады.

3. Науқанға қатысушылар:

3.1 Науқан өткізу кезеңінде микрокредит алған жеке тұлғалар (бұдан әрі Қатысушылар).

3.2 Науқан басталғанға дейін микрокредит алған, бірақ оны науқан өткізу кезеңінде (бұдан әрі - Қатысушылар) ұзартқан жеке тұлғалар.

3.3 3.1-тармақ пен 3.2-тармақ талаптарына сәйкес микрокредит алған жеке тұлғалар @credit365.online инстаграм парақшасына тіркелуі тиіс.

3.4 Науқан өткізу кезеңінде мерзімі өткен микрокредиттер науқанға қатыспайды

3.5 Микрокредиттер бойынша ақпаратты клиенттің жеке кабинетінде мына мекенжай бойынша көруге болады <https://credit365.kz/application/registration>

4. Науқанның жүлде қоры: пайыздарды шегеру - 18 жеңімпаз

5. Науқанның шарттары және ұтыс ойынының тәртібі:

5.1 Науқанды өткізу кезеңі Қағидалардың 2.1-тармағында айқындалған.

5.2 Жүлдені жеңіп алған жеңімпазды анықтау үшін Lizaonair бағдарламасы арқылы жүктелетін жарнамалық посттың астындағы пікірлер қолданылады.

5.3 Lizaonair кездейсоқ сандар генераторы қызметін қолдана отырып, пікірлерге сүйене отырып, ұйымдастырушы жеңімпазды анықтап, қатысушылар арасында бекітеді, ол көтермелеу мүмкіндігіне ие болады.

5.4 Ұйымдастырушы әлеуметтік желілерде жазбаны жариялау, сондай-ақ телефон қоңырауы арқылы науқан нәтижелері туралы 2023 жылдың 28 ақпанына дейін хабарлайды.

5.5 Ұйымдастырушы жүлдені алу мүмкіндігіне ие болатын жеңімпазды таңдаудың объективтілігіне бөгде адамдардың оларды анықтау процесіне араласуын шектеу арқылы кепілдік береді.

6. «Қысқы бонус - пайыздарды шегереміз» науқанының жалпы шарттары

6.1 Науқанға ұйымдастырушының қызметкерлерін, олардың отбасы мүшелерін және аффилиирленген компаниялар мен жеткізушілердің қызметкерлерін қоспағанда, ҚР аумағында тұрақты тұратын 18 жасқа толған Қазақстан Республикасының әрекетке қабілетті азаматтары қатыса алады.

6.2 Науқан ҚР аумағында өткізіледі.

6.3 Жүлдені алу үшін жеңімпаз өзінің нақты деректерін ұсынуы тиіс: ұялы телефон нөмірі, ЖСН, ТАӘ, тұрғылықты қаласы, жеке куәлігінің түпнұсқасы.

6.4 Жеңімпазды анықтағаннан кейін, Ұйымдастырушы, егер қандай да бір себептермен алдыңғы Жеңімпаз жүлдені ала алмаса немесе өз қалауы бойынша бас тартса, жүлдені кезек тәртібімен ала алатын қосымша 3 резервтік жеңімпазды таңдайды.

6.5 Егер науқан аяқталғаннан және қорытындылар жарияланғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұйымдастырушыға байланысты емес кез келген себептер бойынша жеңімпазбен байланысу мүмкін болмаса, онда ол осы жүлдені алу құқығынан айырылады, ұйымдастырушы сыйлықтарды резервтік жеңімпазға беруге құқылы.

6.6 Науқан жеңімпазы науқан аяқталғаннан және қорытындылары жарияланғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүлдені алудан кез келген себептер бойынша талап етілмеген немесе бас тартылған жағдайда ұйымдастырушы жүлдені кезек тәртібімен резервтік жеңімпаздарға тапсыру құқығын өзіне қалдырады.

6.7 Егер қатысушылар жеңіске жету үшін жосықсыз әдістерді қолданса, ұйымдастырушы пайдаланушыларды өз қалауы бойынша қатысудан шеттетуге құқылы.

6.8 Науқанға қатыса отырып, науқанға қатысушы осы ережелермен танысқанын және олардың шарттарымен келісетінін растайды.

6.9 Науқан жеңімпазына пайыздарды есептен шығару микрокредитті өтеу алдында жасалады. Жеңімпаз алдымен call center-ге хабарласуы керек.

6.10 Ұйымдастырушы кез келген уақытта Науқанды жою немесе ұзарту, жүлденің мөлшері мен құрамын өзгерту, сондай-ақ осы Шарттарды өзі қалағандай өзгерту құқығын өзіне қалдырады. Ұйымдастырушы сайттағы ұтыс ойынының шарттарының өзгеруі туралы ақпаратты қатысушылардың назарына «Қысқы бонус - пайыздарды шегереміз» бөлімінде уақтылы жеткізеді.

6.11 Қатысушы бола отырып, адам, егер ол науқанның жеңімпазы болған жағдайда, Ұйымдастырушы жеңімпаз туралы Аты, Тегі, фотосуреті, тұрғылықты қаласы сияқты ақпаратты жариялай отырып, бұл туралы кез келген нысанда жария түрде жариялауға құқылы екендігімен келіседі және Ұйымдастырушыны осындай қатысушыға қандай да бір сыйақы төлемей, осындай жария хабарландыруға және ақпаратты ашуға уәкілетті етеді.

6.12 Ұйымдастырушы өзінің барлық маркетингтік материалдарында жеңімпаздың атын пайдалану құқығын өзіне қалдырады.

6.13 Қажет болған жағдайда, жүлдені тапсыру мақсатында Ұйымдастырушы науқанға қатысушылардан ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдарға ұсыну үшін қажетті ақпаратты, оның ішінде қатысушылардың дербес деректерін талап етуге құқылы.

6.14 Жеңімпаз осы күні немесе келесі күні пайыздарды шегеру үшін Instagram сторисінде конкурстық жазбаны қайта жариялауы керек. Бұл ретте жеңімпаз ұйымдастырушының өз қалауы бойынша осы стористі өзінің онлайн ресурстарына орналастыруға құқығы бар екендігімен автоматты түрде келіседі.

6.15 Жеңімпаз 6.14-тармақтың шарттарын орындаудан бас тартқан жағдайда Ұйымдастырушы жеңісті жою және кезек тәртібімен резервтік жеңімпаздарға жүлдені тапсыру құқығына ие болады.

6.16 Жүлделерді алуға байланысты салықтарды төлеу міндетін Ұйымдастырушы өзіне алады.